



ҚР ШБ МО «Қарлығаш» балабақшасы РМҚ

«Музыкалық дидактикалық ойындар»

*Музыка жетекшісі:
Құрмансейтова Ә.Т.*

*“Үш гүл – үш түрлі
көңіл күй”*



**“Күн мен жаңбыр”
ойыны
3-4 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді,ойнақы,сабырлы,мұңды).

Ойынның шарты: Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады.Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.

Музыкалық репертуар: “Полька” (А.Ломова), “Бипыл” (қазақтың халық әні), “Бесік жыры” (қазақтың халық әні), “Рондо-марш” (Д.Кабалевский), “Айгөлек” (Б.Байқадамов).

**“Үш гүл-үш түрлі
көңіл күй” ойыны
3-4 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Көңілді,сабырлы және мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту,тапқырлыққа баулу.



Ойынның шарты: Көңілді күн мен бұлт суреттері бейнеленген карточкалар таратылады.Балалар екі түрлі шығарманы тыңдап,әуен сипатына сәйкес суретті көрсетеді.

Музыкалық репертуар: “Полька” (А.Ломова), “Бипыл” (қазақтың халық әні), “Бесік жыры” (қазақтың халық әні), “Рондо-марш” (Д.Кабалевский), “Айгөлек” (Б.Байқадамов).




“Күн мен жаңбыр”

*“Төмен және жоғарғы
дыбыстар”*



“Әуеннің дауысын ажырат” ойыны



**“Әуеннің дауысын ажырат”
ойыны
5-6 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажыратуға баулу. Әуенді тыңдап, қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.




Ойынның шарты: Көлемдері бірдей, түстері әртүрлі қоңырау суреттері беріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, әуеннің төменгі дыбысын жасыл қоңыраумен, орташа дыбысты сары қоңыраумен, жіңішке дыбысты қызыл қоңыраумен көрсетіп, карточкалардан табу.

**“Төмен және жоғары
дыбыстар” ойыны
5-6 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Балаларды музыкалық шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.

Ойынның шарты: Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.

“Теңіз” ойыны



“Бұл қай кезде болады?” ойыны



“Теңіз” ойыны 5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Музыканың ауыспалы сипатын естіп, сезіну қабілеттерін дамыту. Әуенді мұқият тыңдап, табиғат құбылыстарымен байланытыра сезініп, елестете білуге

Ойынның шарты: Балалар ұнтаспадан Н.Римский-Корсаковты “Теңіз” шығармасын тыңдайды. Теңіздің үш түрлі қалыптағы күйі бейнеленген карточкалар беріледі. Шығарма тыңдалып, жетекші теңіздің әртүрлі күйдегі суреттерімен таныстырады.
(“тыныш жатқан” теңіз, “толқынды” теңіз, “буырқанған” теңіз) шығарма екінші рет тыңдалып, әуеннің көңіл күйі карточкалар арқылы көрсетіледі.


“Бұл қай кезде болады?” ойыны 3-4 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суреттері бар карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына, мәтініне сәйкес суретті карточканы көрсете білу.

Музыкалық репертуар: “Жыл мезгілдері” (П.Чайковский), “Бұл қай кезде болады?” (Б.Ерзакович), “Көктем” (А.Жұбанов).

“Үш би” ойыны



“Әуенді сағат” ойыны



**“Әуенді сағат” ойыны
3-4 жасқа жасқа
арналған**

Ойынның мақсаты: Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады.

Ойынның шарты: Әртүрлі шығармалардағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі. Жетекші таныс ән немесе әуендерді ойнап, балалар “Әуенді сағаттан” сол әннің мазмұнына сай суретті сағати тілін қозғау арқылы тауып береді.

**“Үш би” ойыны
5-6 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Балаларды би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін еске сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.

Ойынның шарты: Полька, вальс, ұлттық би түрлерінің суреті салынған карточкаларымен таныстыру. Музыка жетекшісі аспапта үш түрлі пьеса ойнап, балалар әуенге сай бейнеленген суретті дәл көрсетулері тиіс.


**“Айналмалы дөңгелек”
ойыны**



“Айналмалы дөңгелек” ойыны



*“Ғажайып үйшік”
ойыны*



**“Айналмалы дөңгелек”
ойыны
5-6 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты:

Шығарманы тыңдау арқылы балаларға музыка жанрларын ажырата білуге үйрету.

Ойынның шарты: Дөңгелек бетіне көбелек, барабан, Ай, доп суреттері салынған карточка ұсынылады. Балалар әуенді тыңдап, дөңгелекті айналдыру арқылы вальс ойналғанда көбелекті, марш әуенінде барабанды, бесік жыры орындалғанда Айдың, полька биінде доптың суреттерін көрсетеді.

**“Ғажайып үйшік” ойыны
5-6 жасқа арналған**



Ойынның мақсаты: Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.

Ойынның шарты: Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік т.б. Суреттері ұсынылады. Музыка жетекшісі “Жоғары шығамын” деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, “Қандай ғажап үйшік?” деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың, балапанның, бақаның т.б. Суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді.

“Көңілді күлдіргіштер” ойыны



“Қанша дыбыс?” ойыны



“Қанша дыбыс” ойыны **3-4 жасқа арналған**

Ойынның мақсаты: Белгілі бір аспапта ойналған әуендегі дыбыстардың санын немесе қайтадан дыбысталуын ажырата білуге үйрету.

Ойынның шарты: Жеміс бұтағында ілінген шиелер суреті салынған үш түрлі карточкалар ұсынылады. Музыканы тыңдап, әуендегі дыбыс санын естіп, сәйкес келетін шиесаны бар карточкаларды көрсету.


“Көңілді күлдіргіштер” **ойыны**

5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Әуендегі дыбыс ұзақтығын естіп, ажырату үшін қолданылады. Қысқа және ұзақ дыбыстардың санын анықтап көрсете білуге

Ойынның шарты: Көңілді күлдіргіштер және әртүрлі көлемдегі шарлар суреті бейнеленген карточкалармен таныстырады. Таныс шығарма ойналып, балалар әуенді тыңдап, шапалақпен қысқа және ұзын дыбыстарды көрсетеді. Күлдіргіштердің қолында жіптер бар. Үлкен шарлардың жібін ұзын дыбысқа, кішкентай шарлардың жібін қысқа дыбыстарға лайықтап, жіптерді жалғайды.

“Сиқырлы ағаш” ойыны



“Анасын тап”



“Сиқырлы ағаш” ойыны 5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Нота сызығы мен ноталар туралы түсінік беру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету.


Ойынның шарты: Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті мен қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады.

“Анасын тап” ойыны 4-5 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдердің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.

Ойынның шарты: Жануарлардың және олардың төлдерінің суреттері бейнеленген карточкалар беріледі. Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанына қояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады.

**“Музыка бояулары”
ойыны**



“Музыка боялары” ойыны

Ойынның мақсаты: Музыка сипатын ажырату, Ән, би, вальс, марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету. Түрлі түсті желпуіштердің түсіне қарай жанрды ажырату.

Мысалы: қызыл, жасыл, сары, көк және осынша желпуішті әр балаға дайындау.

Ойынның шарты: Жасыл түс–ән айту; Қызыл түс –көңілді билеу; Сары түс –вальс ырғағы; Көк түс –марш ырғағы екенін түсіндіру. Музыкалық шығарма тыңдалады, бірнеше рет қайталап, желпуіштермен жаттығу жасай білуге үйретеді. Балалар түрлі жанрдағы музыкаларды тыңдап, желпуіштерді көтеруге үйренеді.

“Ғажайып бағдаршам” ойыны

Ойынның мақсаты: Музыкалық шығармалардың үзінділерін тыңдап, олардың жанырларын ажырату.

Ойынның шарты: Бояу түсіне сай жүрген музыканы ажыратып, жанырларды орындарына орналастыру.



“Аспаптың
дауысын
ажырат”



“Аспаптың
дауысын
ажырат”



**“Қай аспапта
ойнаймыз?”**



**“Қай аспапта
ойнаймыз?”**



“Аспаптың дауысын ажырат”

ойыны

5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптардың тембрін ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның шарты: Карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Үнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. Ишара арқылы аспапта ойнап көрсетеді.

“Қай аспапта ойнаймын” ойыны

5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалыұрлемелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда ойнауға машықтандыру, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның шарты: балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз ,сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз т.б.) ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын ажыратып, лайықты суретті көрсетеді.


*“Музыкалық
аспаптар
дүкені”*



*“Музыкалық
аспаптар
дүкені”*



“Ноталарды үйренейік” ойыны



“Музыкалық аспаптар дүкені”

ойыны 5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптардың (металлофон, маракас, бубен, үшбұрыш, қоңырау т.б.) дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу.

Ойынның шарты: Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі ширма артында аспапта ойнайды, балалар дауысын ажыратып, суретті карточкадан көрсетеді. Келесі ойында балалар жетекшілік етіп, ойында аспаптарды қолдануға болады.

“Ноталарды үйренейік” ойыны

5-6 жасқа арналған

Ойынның мақсаты: Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.

Ойынның шарты: Музыка жетекшісі халық әні “Еркем-ай” өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте бірте күрделендіріледі.